



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 11 мамырдағы
№ ДЗ-153 сауалға

Құрметті депутаттар!

Инвестициялық жобаларға жер учаскелерін беру тетігін қайта қарауға қатысты сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Инвестициялардың шекті көлемін белгілеуге қатысты кемінде 2 млн еселенген АЕК мөлшерінде

ҚР Сыртқы істер министрінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 11-1-4/590 бұйрығымен Мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін беру үшін жобаны инвестициялық деп айқындау қағидалары қабылданды (*бұдан әрі - Қағидалар*).

Осы Қағидалар ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 282-бабының 8-1-тармағының негізінде қабылданды.

Қағидалар жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік меншіктен жер учаскесін беру үшін жобаны инвестициялық деп айқындау тәртібін регламенттейді.

Инвестициялық жобаны анықтау келесі алгоритм бойынша жүзеге асырылады:

- 1) өтініш беруші өтінішке құжаттарды қоса әкімдікке жолдайды;
- 2) әкімдік өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін қарайды;
- 3) Өңірлік үйлестіру кеңесінің қарауына өтінімді енгізу және жобаны инвестициялық деп айқындауды келісу немесе бас тарту туралы қорытындыны қалыптастырады.

Қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістерді құруға қолданыстағы өндірістерді кеңейтуге және жаңартуға **инвестицияларды ынталандыру**, сондай-ақ мемлекеттік меншіктегі **бос жер учаскелерінің шектеулігін** ескере отырып, инвестициялар көлемі кемінде 2 млн АЕК мөлшерінде талап белгіленді.

Сонымен қатар, Қағидаларда инвестициялар көлемінің 20% аспауы негізінде сұрау салынатын жер учаскесінің ең жоғары құны бойынша талап қойылған (*инвестициялар көлемі 517,5 млн теңге жағдайда жер учаскесінің құны 103,5 млн теңгеден аспауы тиіс*), бұл инвесторды неғұрлым ірі немесе қымбат учаске алу үшін көбірек инвестицияларды жүзеге асыруға ынталандырады.

Ерекше ірі инвесторлардың белгілі бір санаттары үшін жағдай жасасуға қатысты

Осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, ҚР заңды тұлғасы жер учаскесін уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығында мемлекеттік заттай грант ретінде алу үшін, кейіннен инвестициялық келісімшарт шеңберінде меншікке өтеусіз алу үшін ҚР Сыртқы істер министрлігіне жүгінуге құқылы (*аталған құрал бойынша инвестициялар сомасын салу бойынша шек жоқ*).

Бұдан басқа, жер учаскесінің ең жоғары құны бойынша инвестициялардың 30% көлемінен аспауы негізінде қойылған талап инвестор үшін жақсартушы норма болып табылады.

Сонымен қатар, инвестицияларды, оның ішінде мемлекеттік заттай грантты мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шарттары отандық және шетелдік инвесторлар үшін бірдей.

2005 жылдан бастап 2023 жылдың мамырына дейін 5,5 трлн сомаға 480 инвестициялық келісімшарт жасалды.

Осы келісімшарттардың шеңберінде құны 18, 26, 43, 63 – 100 млн теңге болатын инвестициялық жобалар бар.

Оның ішінде жалпы 2,1 трлн сомаға 214 инвестициялық келісімшарттар мемлекеттік заттай гранттарын беруді көздейді.

Қазіргі уақытта 214 инвестициялық келісімшарттардың ішіндегі қолданыстағы 149 инвестициялық келісімшарттары бойынша 15 752 уақытша және 22 750 тұрақты жұмыс орны құрылды.

Бұл құрал 1997 жылдан бастап жұмыс істейді және бүгінгі күнге дейін ең тиімді болып табылады, өйткені ол есептіліктің, инвестициялық міндеттемелердің орындалуын қабылдаудың, жартыжылдық, аудиторлық есептерді енгізудің және инвестициялық қызмет объектісіне көшпелі барудың нақты құрылған жүйесіне ие.

Қағидаларға өзгерістер енгізуге қатысты

Қазіргі уақытта Үкімет инвестициялардың шекті көлемін 2 млн еселенген АЕК-тен 150 мың еселенген АЕК-ке дейін төмендету бөлігінде жұмыстар жүргізуде.

А.ж. 6 қаңтарында менің төрағалығымен өткен кеңесте Сыртқы істер министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп «Мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін беру үшін жобаны инвестициялық деп айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №11-1-4/590 бұйрығына инвестициялар сомасын төмендету бөлігінде өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау тапсырылды.

Өз кезегінде, а.ж. 11 мамырында ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Т.М. Сүлейменовтің төрағалығымен өткен ҚР инвестициялық ахуалын жақсарту мәселелері жөніндегі кеңестің отырысында жобалардың әлеуметтік-экономикалық әсерін және өңірлердің аумақтық даму ерекшелігін назарға ала отырып, инвестициялардың шекті көлемін 2 млн еселенген АЕК-тен 150 мың еселенген АЕК-ке (*517,5 млн теңге*) дейін төмендетудің орындылығын қосымша талдап, көрсетілген факторларға байланысты сараланған шекті мәндерді әзірлеу арқылы жүзеге асыру тапсырылды.

Осыған орай, жақын арада бұйрықтың пысықталған жобасы мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға келісуге жіберілетін болады.

Жалпы, осы бағыт бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

С. Жұманғарин



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДЗ-153
от 11 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш запрос касательно пересмотра механизма предоставления земельных участков под инвестиционные проекты, сообщаю следующее.

Касательно установления порогового объема инвестиций в размере не менее 2 млн кратного МРП

Приказом Министра иностранных дел РК от 27 декабря 2021 года № 11-1-4/590 были приняты Правила определения проекта инвестиционным для предоставления земельных участков из государственной собственности (*далее – Правила*).

Данные Правила были приняты на основании пункта 8-1 статьи 282 Предпринимательского кодекса РК.

Правила регламентируют порядок определения проекта инвестиционным для предоставления местными исполнительными органами земельных участков из государственной собственности.

Определение проекта инвестиционным осуществляется по следующему алгоритму:

- 1) подача заявления заявителем с приложением документов в акимат;
- 2) акимат принимает и рассматривает заявление и приложенные к нему документы на соответствие требованиям законодательства РК;
- 3) внесение заявок на рассмотрение в региональный координационный совет и формирование заключения о согласовании либо об отказе определения проекта инвестиционным.

В целях **стимулирования инвестиций** в создание новых расширение и обновление действующих производств с применением современных технологий, а также учитывая **ограниченность свободных земельных участков** находящихся в государственной собственности было установлено требование по объему инвестиций в размере не менее 2 млн МРП.

Вместе с тем, Правилами установлено требование по максимальной стоимости запрашиваемого земельного участка, который не должен превышать 20 % от объема инвестиций (*при объеме инвестиций 517,5 млн тенге стоимость земельного*

участка не должна превышать 103,5 млн тенге), что стимулирует инвестора осуществлять больше инвестиций для получения более крупного и/или дорогостоящего участка.

Касательно создания условий для определённых категорий особо крупных инвесторов

Отмечаем, что при несоответствии требованиям данных Правил, юридическое лицо РК вправе обратиться в Министерство иностранных дел РК для получения земельного участка в качестве государственного натурального гранта на праве временного безвозмездного землепользования с последующей безвозмездной передачей в собственность в рамках инвестиционного контракта (по данному инструменту нет порога по вложению суммы инвестиций).

Кроме того, требование по максимальной стоимости земельного участка составляет не более 30 % от объема инвестиций, что является улучшающей нормой для инвестора.

Вместе с тем, условия предоставления мер государственной поддержки инвестиций, в том числе государственного натурального гранта одинакова как для отечественных, так и для иностранных инвесторов.

С 2005 года по май 2023 года было заключено 480 инвестиционных контрактов на сумму 5,5 трлн тенге.

В рамках данных контрактов, имеются инвестиционные проекты стоимостью 18, 26, 43, 63 – 100 млн тенге.

Из них 214 инвестиционных контрактов на сумму 2,1 трлн тенге предусматривают предоставление государственных натуральных грантов.

В настоящее время по 149 действующим инвестиционным контрактам из 214 инвестиционных контрактов создано 15 752 временных и 22 750 постоянных рабочих мест.

Данный инструмент работает с 1997 года и на сегодняшний день является самым действенным, так как имеет четко выстроенную систему отчетности, принятия исполнения инвестиционных обязательств с внесением полугодовых, аудиторских отчетов и выездного посещения объекта инвестиционной деятельности.

Касательно внесения изменений в Правила

В настоящее время Правительством ведется работа в части снижения порогового объема инвестиций с 2 млн кратного МРП до 150 тыс кратного МРП.

6 января т.г. под моим председательством проведено совещание, в котором Министерству иностранных дел совместно с заинтересованными госорганами было поручено проработать вопрос внесения изменения в приказ Министра иностранных дел Республики Казахстан от 27 декабря 2021 года № 11-1-4/590 «Об утверждении Правил определения проекта инвестиционным для предоставления земельных участков из государственной собственности» в части снижения суммы инвестиций.

В свою очередь, на совещании по вопросам улучшения инвестиционного климата РК, состоявшегося 11 мая т.г. под председательством Первого заместителя Руководителя Администрации Президента РК Сулейменова Т.М. было поручено

министерствам национальной экономики и сельского хозяйства дополнительно проанализировать целесообразность снижения порогового объема инвестиций с 2 млн кратного МРП до 150 тыс кратного МРП (517,5 млн тенге), принимая во внимание социально-экономический эффект проектов и специфику территориального развития регионов, выработав дифференцированные пороговые значения в зависимости от указанных факторов.

В этой связи, в ближайшее время доработанный проект приказа будет направлен на согласование в заинтересованные государственные и местные исполнительные органы.

В целом работа по данному направлению продолжается и находится на контроле Правительства.

С. Жумангарин